

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі

ДИПЛОМ

III дәрежелі



Білім беру мазмұнын жаңарту мен жетілдіруге және насихаттау
мақсатында ұйымдастырылған «*Үздік авторлық бағдарлама*»
облыстық сырттай байқауының аудандық кезеңінде
өзінің педагогикалық идеяларымен кәсіби шеберлігін көрсеткені үшін

«Шакпақ» негізгі орта мектебінің

көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Торебекова Багила Есимхановна

МАРАПАТТАЛАДЫ

Бөлім басшысы

А.Унсимбаев

№ 687

Қазығұрт 2021

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
«Шақпақ» негізгі орта мектебі

Тақырыбы: Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектері

Дайындаған:
Төребекова Бағила Есімханқызы

2021-2022 оқу жылы

Аннотация

Бұл бұйымдарды қазақ халқының ұлттық ою – өрнектері туралы авторлық жұмыста мұғалім қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері ғасырлар бойы қалыптасып, сак, ғұн, үйсін тайпаларының көнеден келе жатқан мұраларын, қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің түрлері мен оның шығу тегі, даму тарихы, қолданылу аясы жөнінде жазған. Көшпенді қазақ халқымыздың ұлттық құндылығын жаңғыртуға арналған ою-өрнектерін, киізден, жүннен, матадан, былғары мен теріден жасалатын бұйымдарды күнделікті тұрмыс тіршілікте қолданып, қолдану аясын кеңейту, шығу тарихын тереңнен зерделеп, ұлттық қолөнерімізді дәріптеп, көшпенді қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, сән - салтанаттық ғұрыпқа айналған ұлттық ою-өрнектермен нақышталған бұйымдарын дәріптеп кең көлемде жаза білген.

Ұлттық өнерімізді дәріптеп, оқушылар мен ұстаздарға қажетті көмекші құрал ретінде кең көлемде ұсынған. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері, кесте түрлері, оны қалай кестелейтінін, қандай бұйымдармен киімдерді тігуге болатынын зерттеп, қазақтың ою-өрнек түрлерін жан-жақты зерделеген. Елімізде ұлттық ою-өрнек түрлерін дамытып, қайта жаңғырту арқылы, болашақ жастардың өмірде өз қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне, ұлттық құндылықты жоғалтпай, дәріптеуге ат салысып, оқушыларды ісмерлікке баулу, шеберлікке үйретуге арналған жұмыс екенін айтып жаза білген. Тігіншілер мен шеберлерді, кесте тігу өнерін дамытып, қазақ елінің салт-дәстүрін дәріптеп, қазіргі нарыққа сай, болашақта оқушылардың мамандық таңдауына жол ашатыны жайлы анық жазған.

Аннотации

В авторской работе над национальными орнаментами казахского народа педагог рассматривает искусство кочевых племен, испокон веков населявших казахскую землю, древнее наследие саков, хуннов, уйсунских племен, виды казахских национальных орнаментов и их происхождение. история развития, сфера применения. написал. Расширение использования украшений, войлока, шерсти, ткани, кожи и кожаных изделий для возрождения национальных ценностей кочевого казахского народа в повседневной жизни, углубленного изучения истории происхождения, популяризации наших национальных промыслов, Он умел писать широкий спектр изделий, украшенных национальными орнаментами, что стало традицией.

Он пропагандировал наше национальное искусство и широко представлял его как необходимый инструмент для студентов и преподавателей. Он изучал казахские национальные орнаменты, виды вышивки, способы вышивания, из каких изделий шить одежду, изучал виды казахских орнаментов. Благодаря развитию и возрождению национальных орнаментов в стране он смог удовлетворить потребности будущей молодежи, продвигать национальные ценности, не теряя их, привлекать студентов к работе, обучать их навыкам. Он писал о развитии портных и мастеров, искусстве вышивки, традициях казахского народа и о том, что в соответствии с нынешним рынком в будущем студенты смогут выбрать профессию.

Annotation

In the author's work on the national ornaments of the Kazakh people, the teacher discusses the art of nomadic tribes inhabiting the Kazakh land for centuries, the ancient heritage of the Saka, Hun, Uisun tribes, the types of Kazakh national ornaments and their origin, history of development, scope. wrote. Expanding the use of ornaments, felt, wool, fabric, leather and leather products for the revival of the national values of the nomadic Kazakh people in everyday life, in-depth study of the history of origin, promotion of our national crafts, He was able to write a wide range of products emblazoned with national ornaments, which have become a tradition.

He promoted our national art and widely presented it as a necessary tool for students and teachers. He studied the Kazakh national ornaments, types of embroidery, how to embroider it, what products to sew clothes, and studied the types of Kazakh ornaments. Through the development and revival of national ornaments in the country, he was able to meet the needs of future youth, to promote national values without losing them, to attract students to work, to teach them skills. He wrote about the development of tailors and masters, the art of embroidery, the traditions of the Kazakh people, and the fact that in accordance with the current market, in the future students will be able to choose a profession.

«Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектері» туралы авторлық жұмысқа

Пікір

Бұл авторлық жұмыста мұғалім «Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектері» туралы тақырыпта еліміздің ұлттық өнерін жан-жақты зерттеген. Қазақ халқының болмысын, салт-дәстүрін, тұрмыс тіршілігімен үндескен ою-өрнек түрлері мен даму тарихы туралы көп ақпараттар мен мәліметтер жинастыра отырып, ұстаздар мен оқушыларға көмекші құрал ретінде қолдануына ұсынып отыр. Қазақ халқының атадан балаға мирас болған құнды мұрасы ұлттық ою-өрнектерді көздің қарашығындай сақтап, бірлесе отырып дамытып, көнені жаңартып, рухани жаңғыртып, дамыту, ою -өрнектің тарихы мен тігу әдіс-тәсілін үйрету, қажетті құрал жабдықтарын тиімді таңдай білу, ою - өрнек тігуде таңдалатын киіз, жүн, мата түрін жіппен сәйкестіре таңдау керектігін жан-жақты зерттеп, ою - өрнек арқылы асыл бұйым, киім, көрпеше, төсеніш, камзол, тақия тігуді үйренуге ұмтылып, болашақ мамандықтарын таңдауға мүмкіндік алады.

Бұл жұмыста мұғалімнің көп ізденгенін көруге болады. Жинаған ақпараттары мен жасаған жұмыстарына қарап, ұстаздарға, оқушыларға, ата-аналарға, сондай-ақ барлық халыққа, қазақ халқының көнеден келе жатқан өнерін жоғалтпай, жаңаша өнер туындысымен ұштастыра жаңғыртып ерекше көмекші құрал ретінде қолдануға болатындығын дәлелдеген.

Болашақта қазақ халқының ою - өрнек түрлерін дамыта отырып, рухани жаңғырту жолында қажеттілігі зор екендігі байқалады. Бұл авторлық жұмыста айтарлықтай кемшілігі жоқ, ұстаздар мен оқушылар көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Пікір жазған: «Шақпақ» негізгі орта мектебінің

оқу ісі жөніндегі орынбасары

Б. Үсіпбаев.

Мазмұны

I. Кіріспе

I. Негізгі бөлім

II.1. Қазақ халқының ұлттық ою – өрнегінің даму тарихы

II.2. Ою - өрнек тігуге қажетті құрал жабдықтар

II.3. Қазақ халқының ұлттық ою – өрнек түрлері

II.4. Ою-өрнектердің қазақ мәдениетіндегі алатын орны

II.5. Ою - өрнек түрлерімен тігілген бұйымдар

IV. Қорытынды

V. Қолданған әдебиеттер тізімі

I. Кіріспе

«Өнер таусылмас азық, жұтамас байлық» - дейді халық даналығы. Қазақтың ұлттық қолөнері де сарқылмас бұлақ. Қолөнер көркемдік мән-мағынасымен халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазына. Халық өнері – халық даналығының жемісі. Бүгінгі таңда жаңалыққа жаны құмар жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беру, оны ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Әр адам өз бойына даналықты халықтан, ақиқатты табиғаттан, шеберлікті еңбеккерліктен сіңіреді. Біз көркемдік және эстетикалық тәрбиені халық өнерінен үйренеміз. Қазақ халқының қолөнері өзінің көркемдігімен, дәстүрлі әдісімен, ұлттық нақышымен дараланып тұрады. Халықтың мәдениеті өскен сайын қолөнері де дамып отырған. Біздің ата-бабаларымыз жасаған қолөнер түрлері баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз.

Мақсаты: Қазақ халқының атадан қалған ұлттық ою – өрнегінің шығу тарихы мен түрлерін таныстырып, бұйымдарды ою – өрнекпен әшекейлеу жолдарын меңгерту.

Міндеті: -Қазақ халқының ұлттық ою – өрнегі туралы білімдерін кеңейтіп, тігіс түрлері мен қол икемділігін дамыту.

-Атадан қалған салт-дәстүрімізді құрметтеуге, көнеден келе жатқан ою – өрнек түрлерін қазіргі заманға сай үйлестіре отырып рухани жаңғырту.

-Оқушылардың өз қолынан оюлап тігу арқылы киім-сән үлгісімен тігіп кию, болашақта өз мамандығын таңдауға жол ашу.

Өзектілігі:

Ою – өрнек түрлері мен даму тарихы, күнделікті өмірде киімдер мен бұйымдарды тігіп тұрмыста қолдануға, көмекші құрал ретінде ұсыну.

Күтілетін нәтиже

Егер қазақтың ұлттық ою - өрнегін болашақ жастарға толық үйретіп, күнделікті тұрмыста сәндік ою - өрнекпен, кестемен зерленген киім, бұйымдарды тігіп, әрбір қазақ азаматы өз ұлттық құндылығын сақтай отырып тігуді үйренсе, кесе, басқаларға дәріптесе, Отандық өнімдерді рухани жаңғырта отырып, қазақтың ұлттық ою – өрнегімен нақышталған киімдерін, бұйымдарын нарықта тамаша брендке айналдырар еді.

Ою - өрнек ертеден келе жатқан ою - өрнектерді түрлендіру арқылы мазмұнды ою - өрнектер жасау дәрежесіне көтеруге болады. Өнер өлмейді, өнер көнермейді, өнер жеміс ағаштың бұтағындай гүлдеп, жемістене береді. Ою - өрнектермен танысып, олардың дүниетанымы, өз қоршаған орта және сұлулық туралы түсінігі артып, шеберлік қабілеті дамып отырады.

Қазақтың ұлттық ою - өрнектері мен оның атаулары көп. Ғалымдар әзірше 200 – дей түрін ғана анықтады.

Қазақ ою - өрнегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Тарихи – ғылыми деректерге жүгінсек, қазақ халқының ою - өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар өнерінің ықпал - әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенің қапысыз таныр едік.

Бұған дәлел – қазақтың алғашқы ою - өрнек үлгілерінен андронов, сақ, ғұн, үйсін мәдени мұраларын ұшыратқанымызды айтсақ та жеткілікті. Қазақ ою - өрнегі – ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Халқымыздың қай қолөнер саласын алсақ та, ою – өрнектер өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасқаның көреміз. Оюлардың ежелден келе жатқан нұсқаларында элементтер құстың, гүлдің, жануарлардың түрін тұспалдап тұратын белгілі. Көне түркілердің түсінігі бойынш, құс – көктің, балық – судың, ағаш - жердің белгісі. Бұйымдарда жан – жануарлардың мүйізі, дене

мүшесі, тұяғы, құстың тұмсығы, түлкінің басы, бөрінің құлағы немесе иттің құйрығы т.б. және өсімдіктердің түрлері кеңінен белгіленген. Ою - өрнек өнері – қазақ халқының ауыз әдебиеті секілді мәдени шежіре. Қолөнер шеберлерін, суретшілер мен сәнгерлерді ұлттық рұхта тәрбиеленуде ою - өрнектің атқаратын рөлі өте зор. Сұңғат және бейнелеу өнерінде, сондай – ақ қолөнер шеберлері жасаған бұйымдарда ұлттық нақыш анықталып тұруы қажет. Сол ұлттық нақышты айқындап бейнелейтін өнер түрі – қазақтың ою - өрнегі. Қазақ халқының ою - өрнек өнері байырғы ұлттық өнерлердің ішіндегі ең ежелгісі, әрі кең таралған саласы. Бұл ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, адам жанына ләззат сыйлайтын эстетикалық мәні зор өнер.

Шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. Шеберлердің, ұсталардың, зергерлердің, кілемші мен тігіншілердің суретшілік қасиетімен бірге жетілдіру дарыны да қатар дамыған. Солардың арқасында түрлі үй мүліктері, бұйымдар, жиһаз бұйымдары жаңа түрге еніп, жетілдіріліп, асыл дүниелерге айналып отырған. «Шеберді шілтерінен танысың», «Шебердің қолы ортақ» деген ел ішіндегі сөздер бекер айтылмаса керек.

Соның ішінде мал жүнінен жасалатын бұйымдардың маңызы ерекше. Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен қызмет атқарған және оны ұқсатуды ел бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Жүннен бау-шу, арқан-жіп, киім- кешек, қазақ үйдің киізін, әртүрлі төсеніштер мен қап, шекпен сияқты ең қажетті мүліктер жасаған. Жүн– қой, ешкі, түйе және т.б. жануарлардың түгі, жеңіл өнеркәсіптің құнды шикізаты. Жүн талшықтары жылуды аз өткізеді, ылғал тартқыш және берік болады. Ол жіп иіру, мата тоқу, киіз басу, әр түрлі тоқыма бұйымдар жасау үшін пайдаланылады. Қой, ешкі және түйе жүні құнды шикізат болып есептеледі.

Киізден жасалған бұйымдар киіз үйді әсемдеуде қазақ халқының тұрмыс тіршілігімен үндесіп, сонымен қатар ежелгі көшпенді қазақ халқының кең байтақ даласын мекен еткен, қыран ұшса қанаты талатын, құлан жортса тұяғы тозатын, шексіз кеңістікте ғұмыр кешкен ата – бабаларымыз киізден жасалған бұйымдарды

және киіз үйдің бөліктерін өз қолынан жасап, көшіп, қонып, шөбі шүйгін, суы тұнық жерлерді мекен етіп, арғымақтың тұяғы жеткен жерге иелік еткен, адамзат тарихында ірі бетбұрыстар жасап, Ұлы дала өркениетін қалыптастырған кезеңде қолданған. Қазақ мәдениетінің дамуы ретінде әлі күнге дейін маңызын жоймай келе жатқан бұйым – киіз үйде қолданатын киізден жасалған бұйымдар.

Қазақтарда негізі киіз үй киелі зат болғандықтан оны ерекше қастерлейді. Киіз үй өз дәуірінде ерекше баспана болса, қазіргі кезде Қазақстан Республикасында киіз үйді тек «22 наурызда», қазақ батырларына ас берілсе сондай даталы күндерде ғана тігіледі. Ал Монголияда көшпенді қазақ халқының тұрмыс тіршілігі сақталып, онда тіршілік ететін қазақтар жазда киіз үйде тіршілік етеді. Жазда жайлауда, күзде күзеуде киіз үйлерін тігіп, көшіп, қонып жүреді. Киіз үйді өз қолдарынан жасап, ішін киізден жасалған бұйымдармен әсемдеп, ішін оюлап қарақас, түндік, туырлық, үзіктерді және текемет, сырмақтар мен қатар киімдерді де киізден, жүннен оюлап жасайды.



Сол себепті қазақтың ұлттық ою – өрнегімен әсемделген бұйымдарын тігудің қыр сырын тереңнен зерттегім келіп, осы тақырыпты тандап алдым. Қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің тамаша үлгілері атадан балаға мұра болып біздің заманымызға жетті. Қазақтың қолөнерін зерттеу мәселесі ерте кезден этнографтар, археологтар, саяхатшылармен коллекционерлерде көптеп көңіл аударып зерттеп келеді. Дүние жүзінде әр халық ата-баба мұраларын, халық өнерін сақтап қалуы парыз. Қолөнер түрлерінің әр қайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Қазақ халқы негізінен малгершілік, саятшылық, әдет-ғұрып, үй іші жабдықтары мен сән-салтанат

бұйымдарын, батырлық қару-құралдарын әсемдеуге қолданылған. Тартымды жасалып, биязы көркемделген өнердің көне мұралары ағаштан, қыштан, өнделген теріден жасалған ыдыстар, түкті кілемдер мен кестелі заттары бар.

Халық шығармашылығының қандай түрі болсада халық өмірі мен қоғамдық тарихымен, кәсібімен тығыз байланысты болады. Қоршаған ортамыздың бәрі өнер. Өнер мен талант иегерін өмірге әкелетін де халық. Қазақ салтында үй жиһаздарын, үзік, туырлықтарын кестелеп, оюлап киізге тіккен. Киіз үйдің керегесіне құратын тұскиіздерді бізбен кестелеп тіккен. Онда тұскиізге оюлап, түрлі бейнелерді бейнелеп, бізбен кестелеген. Киім жапқыш, төсек жапқыштар, үстел жапқыштарды да кестелеп, оюлап тіккен. Киім-кешектерден кимешек, тақия, камзол, кеудешелерді әртүрлі бедерлерді бейнелей отырып бізбен немесе қолмен тіккен. Қыздардың қол орамалдары, көйлектерін әсемдеп түрлі суреттерді бейнелеп тіккен. Қыздар қол орамалдарын кестелеп қолмен инемен тігіп, өзі ұнататын жігіттеріне сыйға тартқан. «Мен сыйға тартқан орамал» деген Розаның әнінен де байқауға болады. Қыздардың, ерлердің аяқ киімдерден мәсі, кебіс, биік өкше етіктерін теріден, былғарыдан, киізден оюлап тіккен. Ат әбзелдері ер тұрмандарын, тұрмысқа қажетті ыдысқа аяққап, шайтұлып шай салатын ыдыстардың қабын, қалташаларды инемен, бізбен кестелеп тіккен.

II. Негізгі бөлім

II.1. Қазақ халқының ұлттық ою – өрнегінің даму тарихы

Қазақ ою-өрнегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Тарихи-ғылыми деректерге жүгінсек, қазақ халқының алғашқы ою-өрнектерінің тарихы сонау көне замандардан, сақ, ғұн, үйсін, андронов мәдениетінен басталады. Мысал ретінде, қазба жұмыстарынан табылған құмыра мен ыдыстардағы өрнектер, тау-тасқа бейнеленген суреттер, сәулет өнерінде қолданған өрнектерді айтуға болады.

Дәлірек айтқанда, 1960 жылы Талдықорғанда табылған қазанда «ұлу» өрнегі бейнеленген. Алматы облысында табылған құмырада «лотос қауызы» тәріздес өрнектер болған. Бұл өрнектер неолит және қола дәуірінен бастау алған деген болжам бар. Қазақ қолөнерінің ертеректе пайда болғанын Досбай тауларында бейнеленген суреттер мен Ұлытаудан табылған керамикалық ыдыстар да дәлел бола алады. Көне дәуірде өмір сүрген адамдардың кәсіптерінің бірі-саятшылық болғаны белгілі. Оның көріністері ретінде Қаратау жақпаларына салынған суреттерді айтуға болады. Ал орта ғасырларда өрнектер сәулет өнерінде пайдалана бастады. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде, Батыс



Қазақстандағы құлпытастарында, Тараз қаласының маңында тұрғызылған Айша-Бибі ескерткіштерінде, сонымен қатар қазақтардың баспанасы саналған киіз үйлерінде көп бейнеленген. Қазба жұмыстары кезінде сақ қорғандарынан алтыннан, ағаштан, қоладан, теріден, зергерлік бұйымдарынан, яғни жалпы қолөнер

туындыларынан жасалған барлық ескерткіштеріне ою-өрнек бейнеленген. Ол ою-өрнектер жан-жануарлар мен аңдардың, құстардың бейнелері болған.



Бүгінгі таңда қазақтың 200 – дей оюының ежелден келе жатқан атаулары бар. Қолөнер шеберлері ертеден ою - өрнек атауларын екі топқа бөліп қарастырған. І – топқа ою - өрнектердің тікелей өзіне, түріне қатысты негізгі атаулар, ІІ – топқа жалпы ою - өрнек қолданылатын бұйымдардың атаулары жатады. Ою - өрнекті теориялық жағынан негіздеу – этнолингвистикалық атаулары лексика – симантикалық топтарға бөлуге қатысты нақты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Ою - өрнек тарихы халық тарихымен жасалып келе жатқан төл мұрамыз екені белгілі.

Бүгінгі таңда ою - өрнектің практикалық маңызы артып отыр. «Ою», «өрнек» сөздерді бір мағынаны білдіреді. Бедері түсірілген үлгіні ойып, кесіп, қиып немесе екі затты оя кесіп, қиюластыру «Ою» деп аталады. Ал киім – кешекке, түскітізге және т.б. қолөнер бұйымдарына кестелеп бейнеленетін бедер, сол сияқты тоқылатын алашаға, бақұрға және қоржынға түсірілетін түрі. Геометриялық бедерлерді «Өрнек» дейді. Өрнекті тасқа, ағашқы күйдіріп, қашап, бояп түсіруге болады. Қазақ ою - өрнегін көне тәсілмен жасау кезінде шеберлер оның дәлме – дәлдігін сақтамай –ақ, көзбен мөршерлеп қиып, ою - өрнектің тең пропорциясын жасай білген. Мұны бізге мұра болып қалған көне ескерткіштерден айқын көруге болады. Оюлардың өзіндік көркемдік мәні және сюжеті болады, дегенмен, өрнектегі барлық элементтер ырғаққа бағынады. Ою - өрнек элементтерінде формальді түрде бейнеленетін элемент жоқ, олардың барлығының мазмұны бар. Ою - өрнек өнері

мүсін немесе сұңғат сияқты өз бетімен өмір сүре алмайды, әрқашан қосалқы роль атқарады.

Өркениетті қоғам мен тәуелсіз мемлекеттің гүлдене түсуі өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін талап етеді. Әр халықтың ұлттық мәдениеті дегеніміз - оның ең бірінші қолөнері. Қазақ халқының сәндік қолданбалы қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Б.з.б. III- II ғасырларда аң стиліндегі өнер біртіндеп құлдырай бастайды. Аң стилі бірте-бірте ою-өрнекке айналады. Оның орнын түсті тастан көз салу, бедерлеу техникасы және басқа да әшекейлеу тәсілдері қолданылатын полихромдық деп аталатын стиль басады.

Сақтар зергерлік бұйымдарына (білезік, сақина, жүзік, алтыннан жасалған моншақтар) негізінен ғарыштық және геометриялық ою-өрнектердің қарапайым элементтерін бедерлеген. Олардың алғашқы оюларының бөлшектері ғарыш әлемінен туындаған деседі. Кейін келе, сақтарда сынық, жолақ, жіңішке, жуан сызықтар мен үшбұрыштар пайда бола бастады. Бұл сақтардың тұрмыс-тіршілігін айқындай бастады. Осындай ізденістің арқасында олардың сана сезімінде табиғатқа байланысты бейнелер (күн өрнегі, жапырақ өрнегі, жұлдыз өрнегі, крест бейнелері) туындап, оларда түстерді бояп, композиция жасап қолдана бастады.

Ғұн мәдениетінде сыртқы пішіні пирамидаға ұқсап жасалынған «үшбұрыш» өрнегі әйелдерінің алқасында бейленді. Ғұндар өнерінде киізге, былғарыға, тастарға түрлі бейнелер салды. Бұл ата-бабаларымыздың тұмыс-тіршілігінен көптеген мағлұматтар алуға болады. Зергерлеі бұйымдарда жануарлар мен аңдардың бейнелері кездеседі.

Сақ тайпасының жалғасы болып табылатын үйсіндер мен қаңлылардың мәдениеті сақ мәдениетін одан ары қарай дамытты. Оларда темірден жасалған өрнектер көптеп кездеседі. Үйсіндер мен қаңлыларда бейнеленген ою-өрнектері басым бөлігі геометриялық элементтерден жасалынып отырды.

Түрік қағанаты өмір сүрген жәдігерлерге сүйенсек, қолөнер шеберлері үстем тап өкілдеріне арнап үй-жиһаздарын, ер-тұрман, киім-кешек, ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдарына геометриялық және өсімдік тектес ою-өрнектерді салып отырды.

Қарлұқтар мен қараханидтер кезеңінде қазақ ою-өрнегінің стилі геометриялық және өсімдік тәріздес өрнек болды. Бұл кезеңде ою-өрнектерді әрлеу мен түрлі кескін берудің жаңа кезеңі пайда болды. Ою-өрнек салынған бұйымдарға қосымша фон беріп, көркемдік деңгейі өсіп отырды.

Қазақтың қолөнерін зерттеу мәселесі ерте кезден көптеген саяхатшылар мен коллекционерлердің ғана емес, ғалым-этнографтар, археологтар мен суретшілердің де көңілін аударып келген. Қазақ қолөнерінің өткендегісі мен бүгінгі жағдайын, оның өзіне тән методологиясын зерттеу, қазірдің өзінде де күн тәртібінен түспей жүрген мәселенің бірі. XX ғасырдың алғашқы жартысынан-ақ басталған бірқатар жұмыстар негізінде методологиялық жағынан зерттеудегі жіберілген кемшіліктер қазақ қолөнерінің творчестволық даму мүмкіншілігін дұрыс бағаламады. Мәселен, қазақ ою-өрнектерінің құрылысын, заңдылықтарын алаш рет байқауға ат салысқан С.М.Дудин, күнделікті сауда орындарына, фабрикаларда жасалып түсуіне байланысты қазақ өнері жақын уақыттың ішінде мүлде жойылады-мыс, қажетсіз болады-мыс деді.

Кейбір зерттеушілер қазақтың қолөнерінің идеялық маңызын көтеріп, қолөнердің ою-өрнек сияқты негізгі ұлттық қорын жоққа шығарды. Мәселен, С.М.Дудин, Е.Р.Шнейдер: «Қазақ ою-өрнегі иран мәдениетінің тек бір бөлігін ғана көрсетеді. Қазақ халқының ұлттық өнеріне жатпайды», - деп топшылады.

Бірақ халықтың қолөнері өзінің тарихы, теориясы мен кейбір ұйымдастыру мәселелерінің жеткілікті элементтеріне қарамастан, күнделікті тұрмысқа қажетті қоршаған затты, көпшілік тұтынатын бұйымды әсемдеуге бейім өнер ретінде, социалистік қоғам кезінде де жалпы мәдени дәрежені де жоғары көрсетуге тән дамып келе жатыр. Біз жоғарыда көрсеткендей көне заманнан келе жатқан қолөнері өзінің өсу жолында өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалды. Қоғамдық дамудың қай сатысында болсын қоғаммен бірге дамыған қолөнері әр дәуірде өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік-көркемдік жағынан дәуір тынысын қалт

жібермей әсерін тигізіп отырды. Қолөнерінің қазіргі дәуірдегі дамуы күрделі де аса бай. Онымен бірге ол күнделікті тұрмысымызды, гүлденген өмірімізді жан-жақты бейнелеуде, халықты эстетикалық жағынан тәрбилеуге қызмет етеді.

Ерте кездегі авторлардың айтуы бойынша Қазақстан топырағын мекендеп, тіршілік еткен сақтар мен массағаттардың барлық заттары әшекейленген, киімдерінің өзіне тән үлгілері болған. Мысалы, киізден жасалған төбесі шошақ бас киімі, ұзын шапаны мен көннен жасалған жұмсақ аяқ киімдері әшекейленген.

Ою-өрнектермен күнделікті тұрмыста пайдаланылатын заттар және төсек-орын, киім-кешек, ыдыстар, ер-тұрман тағы басқалар әшекейленген. Кесте тігу, тоқымашылық, өру, құрақ құрау өнері, ағаш бетіне күйдіріп ою салу немесе зергерлік, керамикалық, т.б. кең түрде қолданылды. Мұндай алтыннан айрақша күрделі өрнектер салынып жасалған заттар үстем таптың пайда бола бастауын, таптық қауымның өзгере бастауын көрсетеді. Алтыннан нәзік өрнектермен істелген диадема, аңшылықты бейнелейтін көріністер, адам бейнесі, жыртқыш аңдар мен мифтік жанды заттардың өрімделген, ою-өрнектелген күрделі композициясының барлығы, сол кездің өзінде-ақ өнердегі шындық негізді салыстырып қарағанда, техникалық және көркемдік жағынан жоғары қолөнершілікке қолы әлдеқайда ерте жеткендігі байқалады.



Демек, ою-өрнектермен әшекейлеп бейнелеушілік қандай уақытта болмасын халықтың дәстүр негізінде сақталды. Егер бұрынғы замандарда жүген, белдік, пышақ сабы және осы сияқты заттардың кейбір бөлшектері хайуанаттардың дене бітімдерімен бейнеленетін болса, IX-XII ғасырлардан, ислам дінінің үстемдік құрған

кезеңінен бастап, тірі жәндікті бейнелеу тәсілі қолөнер кәсібі саласынан мүлде алысталып тасталды. Бәлкім заттарды әшекейлеуде бірден бір белгілі тәсілмен салынған ою-өрнектер ғана қалуы мүмкін. Халық шеберлері ою-өрнек салу тәсілін белгілі бір ізбен қалыптастыруда өз өнерін үздіксіз жетілдіру жолымен кейбір ою-өрнектердің композициясына, әшекейлейтін заттардың түріне қарай табиғи байланысты бейімдеп түрлендіріп отырды. Қазақстанда XIII ғасыр моңғол шапқыншылығы салдарынан елдің мәдениеті мен өндіргіш күштің дамуы тежеліп, тұтас бір ғасыр артқа шегеріліп тасталды. Қолөнері тек дін басылары мен дәулетті адамдарға ғана қызмет етіп, жекелеген дәулеттілердің байлығын көрсетуге, отбасы мүшелерінің киім-кешегін әшекейлеуге бағытталды. Жоқшылықта өмір сүрген көпшілік халық өзінің күнделікті үй тұрмымысындағы заттарын әшекейлей де алмады.

Тек қана XIX ғасыр ортасында қазақ халқының Россияға қосылуымен қазақ мәдениетінің орыс мәдениетіне қоян-қолтық араласуы, қазақ қолөнерін қайта өрлетіп, жаңа элементтермен байытты. Түрі жағынан қолөнерінің бейнелеу амалы байыды. Кестелеуге алтын, күміс түсті жіптер мен өрнектеу тәсілі еңгізілді.

Ою-өрнек латын тілінен аударғанда әсемдеу, сәндеу – әр түрлі заттарды, архитектуралық ғимараттарды әшекейлеуге арналған жүйелі ырғақ пен қайталанып отыратын әр үйлесімділікке құрылған өрнек-нақыштар. Ұлттық ою-өрнек өзіне тән белгілерінің жүйелерін қазақ халқының қалыптасуымен әрі республиканың қазіргі аумағын мекендеген Азияның басқа да халықтары мәдениетімен тығыз байланыста дамыды. Бұл ортағасырлық архитектуралық ғимараттардағы көгеріс және геометриялық ою-өрнектерден Айша-бibi, Ахмет Яссауи кесенесінен айқын көрінеді.

Қоңыр ою-өрнектің дәстүрлі тоқыма өнері үлгісінде, кестеде, ағаш, мүйіз, сүйек, металл мен теріге өрнек салу мейлінше жетілдіре түсті. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қазақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің

бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан, ою-өрнек деп қосарланып айтылады.

Қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қолөнердің түрлері де, атаулары да өте көп. Солардың ішінде халық арасына көбірек тарағаны – ою-өрнек. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Түзу және ойқастыра тоқу тәсілдері көп қолданылады. Түркі халықтарының қолтаңбаларында өрнексіз заттың мәні жоқ. Жалпы қазақ халқы ою-өрнекті қадір тұтқан. Бас киімдегі ою-өрнекке қарап, қай ұлттың ұрпағы екенін таныған, кімнің қазақ, кімнің ұйғыр, татар екенін білген. Қырғыздарда «қошқар мүйіз», «тұмар», «теке мүйіз», ұйғырларда «бадам», «шәдә», өзбектерде «пахта гүл», «бадам» деп аталады. Қазақтардың юын сипатына қарай теңдеме, жүздеме, сыңар ою деп үш топқа бөледі.

Қазақтар өздері жасаған ою-өрнектің атауын таба білген. Осы атауларды олар өз тіршілігіне лайықты қолдана түскен. Әрбір тарихи кезең өзіндік ою-өрнектермен ерекшеленген. Ескіден келе жатырған мешіт, күмбез ою-өрнексіз жүзеге аспаған. Қазақ ою-өрнегінің табиғаты халық өнерінің тарихын, өмір тіршілігінің сұлулығын және әсемдігін айқындайды.

Зергерлік – өте ертеден келе жатырған өнер саласы. Әсіресе, оған қазақ халқы көп көңіл аударады. Өртүрлі сәнді бұйымдар асыл тастардан жасалған қымбат заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады. Қазақ даласында оюлар әр түрлі үлгіде дамыған. Еліміздің әрбір ай-мағының өзінің стильдік ерекшеліктері, үлгілері болған. Соған карамастан, барлық оюлардың бастапқы элементінің негізі — «мүйіз» тектес ою-өрнек болып саналады. Қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылатын: өру, тігу, тоқу, құрау, еріту, балқыту, қию арқылы үй жиһаздарын, құрал-саймандарды, киіз үйлерді, зергерлік

бұйымдарды, кілем, алаша, сырмақ, терме алаша, қоржын, ыдыс-аяқтарды, киім-кешектерді ою-өрнектермен әшекейлеп, безендіріп отырған.

Осы қазақ халқының ұлттық ою – өрнегімен қазіргі тігін машиналардың көмегімен және қолмен тігу арқылы көнеден келе жатқан ою түрлерін жаңғыртып, жаңаша ою - өрнек түрлерімен тігу. Болашақта өз мамандығымды таңдап, жеке кәсіпкерлікпен айналысып, көнеден келе жатқан ою - өрнек түрлерін қазіргі ою - өрнек түрімен ұштастыра отырып рухани жаңғырту. Киімдерді интерьерді әшекейлеу нәтижесінде адамның көңіл күйін көтереді. Ою – өрнекпен әшекейленген бұйымдарына тұтынушылар сұранысының өсуі, бұйымдардың түрлерін көбейтуге, оның сәндігін түрлендіруге, ою - өрнектің әдістерін көбейтуге көмектеседі.

II.2. Ою - өрнек тігуге қажетті құрал жабдықтар


Ою – өрнек тігуге мынадай құралдар керек. Әртүрлі түсті қалың түкті, жұқа т.б. маталар, маталарға ою түрлерін қолмен сызып, кестелеу үшін көзі кең әрі қысқалау, тым ұзын емес ине, әртүрлі түсті жіптер, қайшы, оймақ, біз, дөңгелек, немесе тік төртбұрыш кергіш, түйреуіш, желімдер қажет. Матаның қалыңдығы кесте жібінің жуан, жіңішкелігіне байланысты, сай келу керек. Мата қалыңдау болғаны дұрыс, бірақ тіккен тігісті тартып, жымырып, иненің өтуін қиындатпауы тиіс. Сол себепті сызылып, қиып алынған оюды тігер кезде матаны таңдап алған тиімді. Егер тіккен мата жұмсақ болса, оюдың бедері әдемі көрінбей қалады. Кенеп матаның құрылымы қандай мөлшердегі болсын иненің өтуіне оңай, иненің қалдырған ашық іздері басқа маталарға қарағанда кейін тез жабылып кетеді. Өте нәзік бұйымдарды кестелеуге өте жұқа бірақ құрылымы тығыз маталарды пайдаланған жөн, себебі ол жұмысқа қосымша айқындық әсер беріп тұрады. Оюды матаға тігудегі ең басты құралдың бірі ине болғандықтан, иненің сапасының жоғары болғаны дұрыс. Ою – өрнек тігуде кестенің түрлеріне қарай инелердің де түрлері әртүрлі болады. Жіптің жеңіл сабақталуы үшін иненің көзінің үлкен болғаны дұрыс. Өте ірі инемен кестеленген кесте тегіс болып түспейді. Жүн маталарды оюлап бедер салуда қойдың жүні мен түйенің жүні ғана қажетті. Жүннен текемет, сырмақ,

кілемше, төсеніштерді оюлауда ең бірінші жүнді түтіп, шиге шабақтап салады. Ыстық су құйып білекпен басады. Кейде арқанға орап алып далада 4 – 10 дейін адам тартып басуға болады. Киіз болып басылған соң шиден шығарып алып, қайта ыстық су құйып киізді басады. Әбден басылып, киіз болып піскен кезде оның үстіне әр түрлі түспен боялған жүнді түтіп, ою – түрлерін бейнелеп салып, ыстық суды құйып қайта киіз болып піскенше басады. Сонымен оюланған текемет, киіздер, киім тігетін бұйымдар дайын болды деген сөз.

II.3. Қазақ халқының ұлттық ою – өрнек түрлері

Қазақтың ою – өрнек саласын зерттеп жүрген ғалымдар оларды бір жүйеге түсіріп, мынандай топтарға бөлген:

1. Өсімдік типтес ою-өрнек ("жапырақ", "үш-жапырақ", "шиыршық гүл", "ағаш")
2. Зооморфтық ою-өрнек (жан-жануарлардың табиғи және мифтік бейнелері, "қошқармүйіз" және оның түрлі нұсқалары: "қосмүйіз" "сынықмүйіз", "қырықмүйіз", сондай-ақ "өркеш" "табан", "ботамайын", "кұсқанаты")
3. Космогониялық өрнек («дөңгелек», шымай, төрткөз, айшық)
4. Геометриялық өрнек («ирек», «қармақ», «балдақ» т.б)



Өнертану ғылымында қазіргі ою-өрнектерде белгілі бір қатып қалған заңдылық жоқ. Соған қарамастан қазақ тіліндегі сан алуан ою-өрнек атауларын ғылыми тұрғыдан былай бөліп қарастыруға болады;

1. Ай, күн, жұлдыз-аспан әлеміне байланысты ою-өрнектер.
2. Малдың дене молшеріне, ізіне байланысты ою-өрнектер.
3. Аңға, аңның дене мүшелеріне, ізіне байланысты ою-өрнектер.
4. Құрт-құмырсқаларға, олардың ізіне байланысты ою-өрнектер
5. Құстарға байланысты ою-өрнектер.
6. Жер, су, өсімдік бейнелі ою-өрнектер.
7. Қару-құралдарға байланысты ою-өрнектер.

Ою-өрнектерді осылайша топтастыру қазақ ою-өрнектері атауларының мазмұнына жақын. Ал өсімдік бейнелі ою-өрнектердің нұсқасын алғаш рет қағазға түсіріп, оған түсініктеме берген Төлеутай Бәсенов. Ою өрнектің көне атаулары – халықтың тарихы мен мәдениеті ұлттық ерекшелігінен ертедегі дүниетанымнан мағлұмат беретін құндылық. Олар халықтың өткен тарихы, рухани, мәдени материалдық өмірінің айнасы. Қазақ тіліндегі ою-өрнек атауларының шығу төркіні сан–салалық балғанымен олардың атауларында тек қазақ тіліне ғана тән сөздер, яғни түрлі тілдерде артық атаулар ғана кездеседі.

Жаңа ою – өрнектрді мынандай топтарға бөлуге болмайды.

1. Табиғат көріністері
2. Күнделікті тұрмыста кездесетін заттардың сырт пішіні
3. Еліміздің рәміздері

Бұл жаңа ою – өрнектер ежелгі ою – өрнектобынан анықтамай, тек кеңестің және тәуелсіздік кезеңдерінде қосымша пайда болған еліміздің рәміздері қазақ ою – өнерінің басты тақырыбына айналған. Қазақ ою –өрнегінің арқауы болған «мүйіз» оюы заманымызға сай түрленіп, жаңа ұғымда, жаңа мазмұнда қолдануда. Демек, ою – өрнек көнермейді, ол заман ағымынына қарай өз дәуіріне сай өзгеріп, жаңарып, жаңа туынды ретінде өмір сүреді. Ол сонау ғасырлыр қайнауымен жеткен жай танба белгі емес, бұл халқымыздың оюмен жазылған шежіре тарихы.

Ою – өрнек – халқымыздың қолтаңбасы, ол өшуге, жоғалуға жатпайды. Өресі биік, өрісі кең өнер атауының қай саласынан болсын, жер жүзіндегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқы да өзінің көне замандардан бері келе жатқан тамаша тарихымен және өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түседі. Ал қандай да болсын өнер және талант иелерін өмірге келтіретін де сол халық. Сондықтан да біз оларды халықтық дейміз. Міне, сол халық таланттарының қолынан шыққан зергерлік бұйымдар, киім үлгілері, тұрмыс жиһаздары, әсем де зәулім ғимараттар қай заманда болмасын өз маңызын жоғалтпайтыны мәлім. Сол сияқты, қазіргі бізге келіп жеткен «Құстұмсық жүзік», «Құдағи жүзік», алтынмен апталып, күміспен күптелген алқалар мен өңіржиек, өңірше, үзбелі сырға, тоқым әбзелдері мен үй мүліктерінің сирек кездесетін үлгілері кейінгі ұрпақтар үшін аса бағалы мұра болып табылады. бірақ мұндағы өкінішті жай, сол халық шеберлерінің көпшілігінің есімдері тарихта қалмағандығы. Бұл әрине, ертеде өз жазу-сызуы болмаған қай халықтың болса да басынан өткен жайлар. Дегенмен, сол халық ортасынан шыққан шеберлердің көркемдеп, сәндеп жасаған бұйымдарының әсемдігіне, шебер жасалғандығына, қазір де қарап көз тоймайды. Ал сол халық өнері шығармаларын жинап, зерттеуде, оларды насихаттауда Қазақстан музей қызметкерлерінің, ғалымдарының, археологтарының да еңбегі зор. Солардың тырнақтап жинаған асыл бұйымдары қазір республикамыздың тарихи-өлкетану және өнер зерттеу музейлерінде жинақталған. Осы музейлердің бәрінде де қазақ халқының тарихы, этнографиясы, ою-өрнектері жөнінде бағалы дүниелері бар.




Қазақ халқының ою-өрнек өнері байырғы ұлттық өнерлерінің ішінде ең ежелігі, әрі кең тараған саласы. Бұл ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, эстетикалық мәні зор өнер. Бүгінгі таңда қазақтың 230-дай оюының ежелден келе жатқан атаулары бар.

Солардың бірнешеуіне тоқтасақ .



«Жұлдыз гүл» ою-өрнегі бес бұрыш жасап, гүлмен өрнектеліп, бес тармақтан тұратын гүлді түспалдайды. Тұскиіз, төсекжапқыш, бет-орамалдың ортасына және сырт киімнің арқа тұсына немесе шапан етегінің алдыңғы екі бұрышына салынады. Кейде жұлдыздың натуралды қалпын кестелейді. Жұлдыздың бейнесі композицияланған ою-өрнектердің ортасында кездеседі және бес жұлдыздың бейнесі анық көрініп тұрады.




«Сынық мүйіз» морт сынған тік төртбұрыш жасап, төрт рет ішке қарай иіледі. Бұл ою-өрнек кілемдерді, шилерді, басқұр мен алашаларды, сондай-ақ әр түрлі бұйымдарды безендіру үшін пайдаланылады, ал сырт көрінісі малдың сынған мүйізіне ұқсайды.



«Қосмүйіз» - ою - өрнегі қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін ғана бейнелейді және кейде "ырғақ", кейде "ілмек" деп аталатын оюларды "қосмүйіз" дейді. Үй жиһаздары мен тұрмыстық заттарды, киім-кешектерді, қару-жарақтарды безендіру үшін қолданылады. Қазіргі кезде "қосмүйіз" ою-өрнегін сәукелеге, айыр қалпақтың төбесіне, шетіне, камзолдың алдыңғы жағына, етіктің қонышына салады.



«Тоғызтөбе» - ою-өрнегі ең көне оюлардың бірі. "Бұл өрнек қимақтар мен қарлұқтардың қол-өнерінде сақталған және кезінде "тоғызтөбе" ою-өрнегін Айша-бیبі күмбезінің кірпіштерін өрнектеу үшін қолданған. Ал қазіргі кезде қазақ, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ қолөнерлерінде кездеседі.



«Арқармүйіз» - ою - өрнегі қойдың мүйізін бейнелейтін оюдың түрі. Бұл элемент "қошқар-мүйізге" өте ұқсас, бірақ, оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан

көбірек болып келеді. Кілем, түскиіз, сырмақ, кесте, киім-кешек пен үй жиһаздарында кездеседі.



«**Сыңармүйіз**» "қосмүйіз", "қошқар" мүйіз'- оюдың тек бір жақ сыңарын ғана бейнелейтін өрнек түрі. Шебер орналастырылған "сыңармүйіз" өрнек композициясында дараланы тұрмай, жымдасып келеді. Әдетте, "сыңармүйіз" оюы үй-жиһаздары мен тұрмыстық заттарға, сондай ақ киім-кешек, қару-жарақ т.б. бетіне салынатын ою-өрнектің бөрінде кездеседі. Жөні текеметті, сырмақты әшекейлейтін, олардың жиегіне жүргізілетін өрнектің бір түрі.




«**Қошқармүйіз**» — ою өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп оның қолтық тұсына қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шола мүйіз төрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық пішіні аңғарылады. Текеметте, сырмақта, басқұрда, алашада кілемде, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрінде кездеседі. Киізден жасалған бұйымдарда бұл ою түсті шүберектер мен ойылып, құрақ, яғни аппликациялық өрнек түрінде де тігіледі.



«Қырықмүйіз» — ою-өрнегі біріне-бірі жалғаса, тармақтала қосылған көп мүйізден құралғат-ою-өрнектің бір түрі. Ол көбінесе дөңгелек не төрт бұрыш ішінде бейнеленеді, кейде ағаш бұтағы тәрізді тармақталып, жайылып бейнеленеді. Бір-бірімен қосылған бірнеше тармақты көп мүйізді оюлардан құралады. Негізінен, "қошқармүйіз" ою-өрнегінің символдық мәні бақыт-береке, байлық, мал жанының көбеюуі. Түскиіз, тон, кежім, сырмақ, текемет, сәулет өнерінде молырақ кездеседі.



«Төрткұлақ» ою-өрнегінің төрт тармағы зооморфты немесе өсімдік оюларынан құралған, ортасы крест бейнесін жасайды. Орташа крест төрт тармағына мүйіз элементі қондырылған, бұл өрнек ең көне оюларға жатады. Алғашқыда "төрткұлақ" сөз өрнегі Пазырық қорғаннан табылған. Төрт жұмбақтан дөңгелек, төртбұрыш, төртжапырақ құрайтын ою-өрнектер жасалады. Бұл оюлар, көбежеге, жұкаяққа, аяққапқа, батырлар шапағатына жауырынына, қалқанға, шалбардың тізе түсіне дөдегенің ортасына немесе шет бұрышына салынады.



«Үшкұлақ», «үшжапырақ» ою-өрнектері барлық қол-өнерге тән үш мүйізді, үш жапырақты, үш тармақты болып бейнеленген. X—XI ғасырларда Тараз қаласындағы мазарлардың қабырғалары үш жапырақты өрнекпен бейнеленген.




«Түйемойын» ою-өрнегі түйенің мойнына ұқсап, иіле көтеріліп барып, тармақталатын мүйіз оюы. Мұндай өрнек мәнері көбінесе күрделі бір мүйіз оюларымен тұтас келеді де, түйемойын - өрнегі сол топта өз алдына оқшауланып, өзге денелерден озып тұратын түйенің ұзын мойнына ұқсайды.




«Өркеш» ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді. Сырмаққа, текеметке, түскиіздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу тек симметриялық тепе-теңдік үшін ғана емес сонымен қатар береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.



«Айыр», «Ашатұяқ», «айыртұяқ» өрнегі кейде «айыр» өрнегі деп те аталады. Пішен ашалайтын айырға ұқсас келеді.




«**Ботағөз**» ою-өрнегі — әшекейлі композиция ортасына салынатын немесе бірнеше қайталанып келіп, орамалдың шетін көмкере жиекте-метүзейтін, сырт пішімі ботаның көзіндей, ромбы төріздес геометриялық ою-өрнек.



«**Каңқа**» ою-өрнегі тоқыма бұйымдарында қолданылады. Малдын құрап қалған сүйегін тұспалдайды. Алаша, басқұр, бау т.б. тоқыма бұйымдарында негізгі өрнек ретінде салынады.



«**Жылан**», «**Жыланбас**» - балалардың тақиясына "көз тимесін " деп тағатын, жыланың бас сүйегіне ұқсас ою-өрнек. Бұл өрнек жылан бейнесін тұспалдап тұрады.



«Омыртқа» ою-өрнегін кестелерден, өрме шилердесүйек пен ағаштан жасалған бұйымдардан жиі көреміз. Бұл өрнек түрі омыртқаның түрін тұспалдайды, ол өр түрлі үйлесімде түрленіп, ою композициясының ортасына және жиегіне салынады. Ал кілемнің жиегіне "шетою" ретінде де қолданады..



«Тіс» — малдың, аңның тісіне, шахмат тақтасына ұқсас ою-өрнек. Кесте тігуде бұрыштарын қарама-қарсы түйістіріп отыратын тік сынық сирек тігістердің өрнегінде қолданылады. Мұны "тіс", "иттіс" деп те атай береді.



«Таңдай» ою- өрнегі мал таңдайының бедерін бейнелеуден шыққан, диагональ тәрізді өрнек. Бұл ағаш, мүйіз, сүйек заттарының шетіне, киімдердің жағасына, кимешектің жағына салынады. Таңдай өрнегі басқа түркі тектес халықтарда да кездеседі.




«Құсқанаты»- мүйіз оюы немесе шахмат шаршылары бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып ұшып жатқан құсты тұспалдайды. Қазіргі кезде құсқанаты" ою-өрнегін басқа өрнектермен аралас қолдана береді.



«Құстұмсық» - құстың тұмсығын түспалдаудан туған. Ол тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Мұнда ою ортасындағы сызық ұшы құстың тұмсығына ұқсас етіп қиылады. "Құстұмсық" жүзік немесе "топсалы" жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Тұрмысқа шыққан қызынан орамалға түйілген "құстұмсық" жүзік келсе, ата-анасы қуанып, көршілерін шақырған. Құс бейнесі — халық түсінігінде азаттықтың белгісі. Жүзікке қарап ата-анасы қызының ұзатылған жерінің жақсы екендігін біледі.



«Қазтабан» ою өрнегін Маңқыстар жағында құлпытастар ды өрнектеуге қолданады, қаздың табанын түспалдаға күрделі таңбасынан тұрады. 8 белгісіндегі "ботамайын" оюынан айырмашылығы — қатар орналасқан екі қаздың бейнесін түспалдайды. Қаздың басы, мойны анық байқалып тұрады.



«Қарғатұяқ» ою өрнегі. Мұнда өнері мұнда геометриялық және зооморфтық ою бедерлері біріккен. Бұл оюлар алаша, кілем тоқуда пайдаланылады.




«Шетою» ою-өршгін шексіздікке ұластыра ою деп те атайды. Өрнектің бір әлемен шексіз қайталана береді. Есіктің, текемет, сырмақ, кебеже, киім–кешек пен ыдыс–аяқтың жиегіне салынды.



«Ирек», «ирексу» өрнектері кейде түзу сызықтардың сынықтары, кейде доғал сынықтардың үштасуы арқылы жасалады.



Ондай сызықтар бірнеше қатар сызықтар түрінде қатарласа жүреді. "Ирек", "Ирексу" өрнегінің жасалуы кейде бір иректің іші екінші ирекке қарсы келіп, "төртбұрыштар" мен "сағатбау", •"саты" тәріздес өрнектер жүйесін түзейді. Бұл өрнек бешпеттің, камзолдың, шапан мен тақияның жиегіне салынады. Зергерлік бұйымдарда: сақина, білезік, қапсырма, алқалардың жиегінде және ши, сырмақ, кебеже, жұкаяқ, табақ ернеулерінде, әдіп тігісте көбірек кездеседі. Ирек немесе толқын жолақтар ағын суды түспалдайды.



«Қос дөңгелек» — мал таңбасына ұқсайтын ою-өрнек. Қос дөңгелек өрнегімен негізінен киіз ұйымдары, текеметтерді, сырмақтарды әшекейлейді. Ежелгі көшпелілер дүниетанымында күнді түспалдайтын дөңгелек таңбасында тылсым бір күш бар деп сенген, сондықтан тұрмыста қолданатын барлық бұйымдардың ортасына Күннің түспал бейнесі қолданған.



«**Тұмарша**» ою-өрнегі үшбұрыш үлгілес болып келеді. Үш гүл, үш бұрыш, тәрізді тұмарлар тіл-көзден сақтау үшін адамдарға ғана емес, үй жануарларына да бойтұмар ретінде тағылады. Кілем бұйымдарының жиегінде киіз, кілем, текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі.



«**Жостұмарша**» , «**сызығыштұмарша**» ою-өрнегі төбесінен түйістірілген екі тұмарша үшбұрыш өрнегі қосылады да, екі геометриялық үшбұрыш жасайды. Бұл өрнектің түрі "тұмарша" өрнегі секілді тіл-көзден сақтау ұғымын білдірмейді, тек әсемдік әшекей ретінде қолданылады әдетте кілем шетіндегі және ортасындағы оюлардың ортасына салынады, кейде бұл өрнек "аралықгүл" деп аталады.




«**Бағанаөрнек**» қора төбесінің арқалығын астына тіреп тұратын діңгек ағаш. Бұл ою-өрнекті заттың, бұйымның ортасына келтіреді, оны негіз етіп, жан-жағын басқа өрнектермен бейнелейді. Бағана өрнек" асадалмен, кебежелердің аяқтарына, қырларына, айна қойғыштың шетіне, піспек саптардың жоғарғы жақ басына,

адалбақанның бойында жиі ұшырайды және текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі.



«Шыныгүл» ою-өрнегі гүлді түспалдап тұрады. Бұл өрнек "төрттайшық", "итем-шек" оюларына ұқсас келеді. Ол айға, мүйізге, жапыраққа ұқсас элементтерден құралған. Екі мүйіздің қайырылған екі ұшына жапырақ қондырылған, сол жапырақтар бірнеше рет сатыланып, қайталанып отырады.




«Гүл» ою-өрнегі барлық гүл түрін түспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтыдан басталып, он екі жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. Кестетіккенде және киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады.



«Су өрнегі» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты айтады. Су өрнегі екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төртбұрыш бейнелер жасайды. Су өрнегін "бессаусақ", кейде "бесгүл" деп те атайды.



«Ромб» ою-өрнегінің сыртқы түрпаты геометриялық бейнелерден жасалып, ішіне "қошқармүйіз" және "құсқанатты т.б. элементтерінен композиция құралады.



«Жауқазын» - жауқазын өсімдігін тұспалдайтын ою.

Қазіргі таңда ою – өрнектермен әшекейленіп, жасалған бұйымдар



«Мүйіз» оюы қазақ халқының ою-өрнегінің төркіні деуге болады, өйткені барлық жаңа элементтер соның негізінде жасалып, тек атаулары ғана өзгеріп отырған. Мысалы: «қошқармүйіз», «арқармүйіз», «бұғымүйіз», «қырықмүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «төртқұлақ», «түйетабан», «сыңарөкше», «қосалқа», «құсқанаты», «қаз-табан». Колөнер шеберлері осы элементтердің сан түрлі композициясын жасап, бұйымдарға ұтымды пайдаланып келеді. Қазақ оюларының мазмұны мал өсіру, аңшылықты жер-су, көшіп-қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі заттардың сыртқы бейнесін тұспалдайды, бірақ қолөнер саласындағы қай бұйымды алсақ та, сол заттың бетінде түрлі нұсқада бейнеленген «мүйіз» элементін байқаймыз. Әрбір оюшы ою-өрнек жасап, оған ат беріп, оны тұрмыста қолданған. Сондықтан қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің ең басты мәнері,

әртүрлі мәнер жасауда жиі қолданылатыны «мүйіз» тектес ою-өрнектер. Мүйіз тектес ою-өрнектер кейде өте ұсақ, кейде өте ірі болып келеді. Ұсағы зергерлік, кесте тігу, ағаш, сүйек, мүйіз ұқсату сияқты нәзік істерге қолданылса, ірісі кілем, алаша, терме алаша, текемет, сырмақ, ши орау, қоржын, киім-кешек, құрылысқа қолданылады.

Халық шеберлері мүйіз өрнегінен сан қилы мәнерлермен құбылта, бір элементке екінші, үшінші элементтерді қосып, молықтырады да, құлпырған әдемі де мазмұнды композиция жасайды. «Мүйіз» тектес ою-өрнектердің негізі қойдың, арқардың, ешкінің, сиырдың, бұланның, бұғының, қодастың, еліктің мүйіздерін түспалдаудан пайда болған. Шеберлер жаңа ою-өрнектерді тұрмыс тіршілігіне өз дәуіріндегі заман ағымына қарай лайықтап пайдаланып келеді.



Қошқармүйіз оюы неше түрі формалаға еніп, қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Әсіресе киіз үй жасауларының барлық түріне де салып тоқуға болады. Мәселен, текеметтің ортасына “қошқармүйіз” шет-шетіне “тұмар”, “шаршы” немесе “су” оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман — тілегі, Омыртқа — мал шаруашылығымен тығыз байланысты туған, малдың дене мүшесіне қатысты өрнек. Бұл ою қайраттылықтың, ерліктің белгісі. Ер адамның, батырдың киімінің, кейде құрлардың шетіне салынады. Мұндай оюлардың формасы қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз тәрізденіп келеді де, кейде осы мүйіздің қолтығында қойдың құлағын долбарлаған шолақ мүйіз тәрізді тағы екі буын тұрады. Байқап қарағанда бұдан

қошқардың тұмсық бейнесі аңғарылады.

«Мүйіз» — қазақ оюының ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мегзеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнек кейде ұсақ кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында қолданады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. Мүйіз элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «өркешмүйіз», «қошқармүйіз» т.б. түрлерге бөлінеді. «Мүйіз» өрнегі үй жиһаздарында: кілем, сырмақ, текемет, алаша, көрпе, түскиіз, шымши мен тұрмыстық заттарда саба, шанащ, күбі, ожау, жүкаяк, торсық, сандық т.б., сондай-ақ қару-жарақтарда қынап, оқшантай, садақ, киім-кешек, ат әбзелдерінде ертоқым, айыл жалпы бұл элементтің қолданбайтын жері жоқ десе де болады.



«Қосмүйіз» ою-өрнегі қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін ғана бейнелейді және кейде «ырғақ», кейде «ілемек» деп аталатын оюларды «қосмүйіз» дейді. Үй жиһаздары мен тұрмыстық заттарды, киім-кешек, қару-жарақтарды безендіру үшін пайдаланатын қой, ешкі, сиыр, бұғы, марал сияқты жануарлардың қос мүйізін бейнелейтін ою-өрнек. Қазіргі кезде «қосмүйіз» ою-өрнегін сәукелеге, айыр қалпақтың төбесіне, шетіне, камзолдың алдыңғы жағына, етіктің қонышына салады. «Тоғызтөбе» ою-өрнегі ең көне оюлардың бірі болып саналады. Бұл өрнек қимақтар мен қарлұқтардың қолөнерінде сақталған және кезінде «тоғыз-төбе» ою-өрнегі Айша-биді күмбезінің кірпіштерін өрнектеу үшін қолданған. Ал қазіргі кезде қазақ, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ қолөнерінде кездеседі.

«Арқармүйіз» деп аталатын ою-өрнек қойдың мүйізін бейнелейтін оюдың түрі. Бұл элемент «қошқармүйізге» өте ұқсас, бірақ, оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан көбірек болып келеді. Кілем, тұскиіз, сырмақ, кесте, киім-кешек пен үй жиһаздарында кездеседі.

«Сыңармүйіз» «қосмүйіз», «қошқармүйіз» деп аталатын оюдың тек бір жақ сыңарын ғана бейнелейтін өрнек түрі. Шебер орналастырылған «сыңармүйіз» өрнек композициясында дараланып тұрмай, жымдасып келеді, үй-жиһаздары мен тұрмыстық заттарға, сондай-ақ киім-кешек, қару-жарақ т.б. бетіне салынатын ою-өрнектің бәрінде кездеседі және текемет, сырмақты әшекейлейтін, жиегіне жүргізілетін өрнектің бір түрі.

«Қошқармүйіз» ою-өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық бейнесі аңғарылады. Текемет, сырмақ, басқұр, алаша, кілем, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрлерінде кездеседі. Киізден жасалған бұйымдарда бұл ою түсті шүберектермен ойылып, құрақ, яғни аппликациялық өрнек түрінде де тігіледі.

«Қырықмүйіз» ою-өрнегі біріне-бірі жалғаса, тармақтала қосылған, көп мүйізден құралған ою-өрнектің бір түрі. Ол көбінесе дөңгелек не төрт-бұрыш ішінде бейнеленеді, кейде бұтақтың ағашы тәрізді тармақталып, жайылып бейнеленеді. Бір-бірімен қосылған бірнеше тармақты көп мүйізді оюлардан құралады. Тұскиіз, тон, кежім, сырмақ, текемет, архитектура сәулет өнерінде молырақ кездеседі.

«Сынықмүйіз» морт сынған тік төртбұрыш жасап, төрт рет ішке қарай иіледі. Бұл ою-өрнек кілемдерді, шилерді, басқұр мен алашаларды, сондай-ақ әртүрлі қалталарды безендіру үшін пайдаланылады, ал сырт көрінісі малдың сынған мүйізіне ұқсайды.

«Төртқұлақ» ою-өрнегінің төрт тармағы зооморфты немесе көгеніс оюларынан құралған, ортасы крест бейнесін жасайды. Төрт тармақтан дөңгелек, «төртбұрыш», «төртжапырақ» құрайтын ою-өрнектер жасалады. Бұл оюлар, кебеже, жүк-аяқ,

аяққап, батырлардың шапанының жауырынына, қалқанға, шалбардың тізе тұсына, дөдегенің ортасына немесе шет бұрыштарына салынады.

«Үшқұлақ», «Үшжапырақ» ою-өрнектері барлық қолөнерге тән үш мүйізді, үш жапырақты, үш тармақты болып бейнеленеді. X-XI ғасырда Тараз қаласындағы моншаның қабырғалары үш жапырақты ою-өрнекпен бейнеленген. «Түйемойын» ою-өрнегі түйенің мойнына ұқсап иіле көтеріліп барып тармақталатын мүйіз оюы. Мұндай өрнек мәнері көбінесе күрделі бір мүйіз оюларымен тұтас келеді де, «түйемойын» өрнегі сол топта өз алдына оқшауланып өзге денелерден озып тұратын түйенің ұзын мойнына ұқсайды. «Өркеш» ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді. Сырмақ, текемет, түскиздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу тек симметриялық тепе-теңдік үшін ғана емес, сонымен қатар береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.

«Айыр» ою-өрнегі «ашатұяқ», «айыртұяқ» өрнегі кейде «айыр» өрнегі деп те аталады. Пішен ашалайтын айыр құралға ұқсас болып келеді. «Ботакөз» ою-өрнегі әшекейлі композицияның ортасына салынатын немесе бірнеше қайталанып келіп, шетін көмкеретін жиектеме түзейтін ою. Сырт пішіні ботаның көзіндей дөңгеленген ромбқа ұқсайтын геометриялық ою-өрнек. Бұл орамалдың шетін көмкеретін жиектеме түзейді. «Қаңқа» ою-өрнегі тоқыма бұйымдарында қолданылады. Малдың құрап қалған сүйегін тұспалдайды. Алаша, басқұр бау т.б. тоқыма бұйымдар негізінде өрнек ретінде салынды.

«Қарта» ою-өрнегі төрттүлік малдың дене мүшелеріне еліктеуден шыққан, және сол мүшелердің атымен аталып кеткен. Бұл өрнек түрі ағаш оюда, зергерлік бұйымдарда, кесте тігуде кездеседі. «Қарта» өрнегі жүрекке ұқсаңқырап келеді.

«Қабырға» бұл өрнекте қарама-қайшы түстер қатар алынады. Ақ немесе сары фонда қара өрнек жүргізіледі. Бұл өрнек ағаш бетіне бедер түсіруде, кесте тігуде кездеседі және басқұрға да осы өрнектер жиі бейнеленеді. «Омыртқа» ою-өрнегін кестелерден, өрме шилерден, сүйек пен ағаштан жасалған

бұйымдардан жиі көреміз. Бұл өрнек түрі омыртқаның түрін тұспалдайды, ол әртүрлі үйлесімде түрленіп ою композициясының ортасына және жиегінде қолданады.

«Қайнар» ою-өрнегі малды өлкеде өмірге келген, оюдың түстері салқын түстер гаммасынан кұралады. Бұл ою-өрнек жайылымдар мен суаттардан тапшылық көрген елде пайда болған өрнек мал таңбасына ұқсайды немесе судың бір тамшысынан тұспалдайды.

II.4. Ою-өрнектердің қазақ мәдениетіндегі алатын орны

Қазақ халқымыздың көне дәуірлерден өшпес мұрасы болып ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, тізгінің ұшында өзіндік тарихынан әдет – ғұрыппен сәндік көркемдік жолмен көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзіндік ерекшелігімен таныта білген – қолөнер.

Қолөнердің халықтың әлуметтік, салт-тұрмысында алатын орынының қаншалықтты биік, жоғары екеніне сене алсаң – оның ішінде қол өнерді нақышына келтіріп әдемілік, әсемдік дүниенің ауқымын кеңейткен ол - ою-өрнек .

Ою-өрнек сөздері бір мағынаны білдіреді. Бедері түсірілген үлгіні ойып кесіп, қиып немесе екі затты ою кесіп, қиюластыру ою деп аталады. Ал киім-кешекке, түскиізге, т.б. қолөнер бұйымдарына кестелеп бейнеленетін бедер, сол сияқты тоқылатын алашаға, басқұрға және қоржынға түсірілген түрлі геометриялық бедерлерді өрнек дейді. Өрнекті тасқа, ағашқа күйдіріп қашап бояп түсіруге болады. Сонымен ою және өрнек деген сөзі бірігіп келіп, латынша «Орнамент» деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз көп халықтың тіліне сіңген термин, мағынасы – сәндеу, әсемдеу.

Қазақ ою-өрнегі — ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Халқымыздың қай қол өнері саласын алсақ та, ою-өрнектердің өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасқанын көреміз. Оюлардың ежелден келе жатқан нұсқаларындағы элементтер құстың, гүлдің, жануарлардың түрін тұспалдап тұратыны белгілі.

Көне түркілердің түсінігі бойынша, құс — көктің, балық — судың, ағаш — жердің белгісі. Сол қазақ ою-өрнегінің мақұлық аты, нәубет аты, ғарыштағы, тіке сызықты,

нышандық, танымдық т.б. сарындарының мазмұнын байыта түсті. Халқымыздың ғасырлар бойы мұра болып келе жатқан алпысқа жуық оюлардың мазмұны мен нұсқасын, атауларын жинақтап келеді

Бұйымдарда жан-жануарлардың мүйізі, дене мүшесі, тұяғы, құстың тұмсығы, түлкінің басы, бөрінің құлағы немесе иттің құйрығы т.б. және өсімдіктердің түрлері кеңінен бейнеленген. Ою-өрнек өнері — қазақ халқының ауыз әдебиеті секілді мәдени шежіре. Мақсат, болашақ ұрпақтарымызға ұмыт болып бара жатқан осы өнерді таныстырып қана қоймай, оны қолөнер, сурет, сәулет өнері және өндіріс салаларына өндіре отырып осы өнерді қайта жаңғырту, оған жаңа мазмұн беру.

Қазақ халқының ою-өрнек өнерін жан-жақты зерттеуге ғалымдар мен өнертанушылар, тарихшылар мен этнографтар ат салысты. Ал еуропа, орыс өнертанушы ғалымдары бұл туындыларды XVIII ғасырға дейін зерттеп, көп ғылыми еңбек қалдырды. Төл өнерімізді Зерттеуге В. Вансалов, А. Хедона, саяхатшы Джен-Кинсон, Р. Карутц, С. Дудин, В.Радлов, В. Бартольд, Е. Шнейдер, М.В. Рындин т.б. сол сияқты көптеген орыс және Еуропа ғалымдары мен жиһанкездері елеулі үлес қосты. Олар қазақтың ою-өрнектерін ғылыми тұрғыдан талдап, шығу тегіне сипаттама беруге тырысқанымен, олардың жасаған тұжырымның бәрі де қазақ ою-өрнектерінің ішкі ұлттық табиғатын, мазмұнын аша алмаған еді. Бұл орайда қазақ ою-өрнегін алғашқы рет зерттеген қазақ ғалымы Т. Бәсенов былай дейді: "Қазақ ою-өрнегін зерттеуде әр уақыттың, әр саланың ғалымдары көп еңбек етті. Бірақ бұл зерттеушілер халық ою-өрнегінің жұмбақ тілін жете түсіне, шынайы сырына үңіле алмады. Олар өз ойларын халқымыздың өнер кілтін ашатын тума тілде емес, буржуазиялық жат тілде, өзге халыққа деген астамшылық көзқараспен саралады. Өнерін зерттеп отырған халықтың тілі мен зерттеушінің ойы мен тілінің үндестік таппауы көптеген бұрмалаушылықтарға, тіпті елеулі ағаттықтарға әкеп соқтырды". Көптеген зерттеушілер кеңестік кезеңге дейін. Қазақстанның халықтық өнерін, атап айтқанда, ою-өрнектерін зерттеуге экзотика немесе құрып бара жатқан мәдени мұра ретінде қарады. Мұның астарында жалпы алғанда, дамудың сарқылмас қайнарларын түсінбеу жатқан еді.

Қазақ елінің топырағынан таралып, суын ішіп жоғарғы дәрежелі білім алып, сол білімдерін басқа ел мамандарына таныта білген және қазақ қолөнерін жоғары бағалап, талдау жасап, оның ішінде ою-өрнекті топтастырып бір жүйеге келтірген этнограф, тарихшы, әдебиетші, өнертанушы ғалымдарымыз да бар. Олар Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, М.Мұқанов, Ө.Жәнібеков, Т.К.Бөсенов, Е.Масанов, Б.Тұяқбаева, Б.Әлмұхамбетов, Б.Ибраев, К.Ибраева, Т.Жанысбеков, Ж.Шәйкенов, Ұ.М.Әбдіғаппарова және т.б. ғалымдар зерттеген.

Қазақ халқы әсемдікті таңдай білген. Осындай әсемдікті таңдай білген хас шебер оюшы зергерлеріміз осы ою-өрнеке бояу түрлерін пайдалануды да, жете меңгерген. Халқымыздың ою-өрнектерінде басым түс ақ пен кара болып келеді. Бұл ою-өрнектердің ең шешімін тапқан жарасымды түрі болып есептелінеді. Ақ пен кара түс бір – бірін айқын ашып, қандай затқа пайдаланса да, анадайдан көздің жауын алып, сән беріп тұрады. Асқан шеберлер былғарын ақ күміспен әшекейлеп, түс киіз жасаған. Бұл түсті халқымыз ең жоғары бағалаған, қастерлеген. Әрбір түстің өз мән мағынасы бар.



Мысалы: қазақ қолөнерінде қолданылатын түстердің символдық мәні бар:

көк түс — аспанның,
қызыл-оттың, күн көзінің,
ақ түс — ақиқаттың,
сары-ақыл-парасаттың,
кара түс - қайғы-мұңның, кара-жердің,
жасыл-жастықтың, көктемнің символы.

Бұйымдағы ою-өрнек осы түстердің бірімен бейнелегенде ғана оған белгілі мән беріледі. Сырмақ сыруда қара мен ақ түсті пайдалану қалыптасқан, сол сияқты көк пен сары түстің, көк пен жасыл, қара мен ашық қызыл, түстің қатар пайдаланылуы ғасырлар бойы дәстүрге айналған. Көбінесе түстер нақ ортадан бастап шетке қарай түрленеді. Сонда ортада қара, ақ, қызыл, жасыл. Сары көк түс келеді. Бұл ұлт өрнегінде түстерді орналастырудың көне мәнері. Өрнек атауларын түгел қамтып, олардың әрқайсысына жеке атау беру мүмкін емес, әр шебер өзі жасаған ою-өрнекке өзі ат береді. Сол оюдың пайда болу тарихын оюшыдан артық ешкім білмейді.

II.5. Ою - өрнек түрлерімен тігілген бұйымдар

Ою – өрнекті кесте инемен, бізбен, кесте машинасымен тігуге де болады. Біз кесте төртбұрышты немесе дөңгелек етіліп кергіш ағашқа не темірге керілген матаның бетіне сызылған ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалып тігу арқылы тігілетін майда тігісті айтамыз. Біз кестемен жарғақ шалбардың басына, жұқа шапанның, шекпендердің өңіріне, тұскиіз, шымылдықтың басына, төсек аяққа, төсек жапқыш, тігіледі.

Кестеге алтындап, күмістеп тігу сәндікке киюге арналған бұйымдарға тән. Көбіне барқыт, қырмызы, плюш, атлас сияқты бағалы маталар пайдаланылады. Бұл тігістерге арналған алтын, күміс жіптер қолданылады. Кейде алтын, күміс тектес жіптер қолданылады. Алтындап, күмістеп тігу кестесінде моншақ, інжу, маржан, асыл тастар аралас тігуге болады. Алтын кестелі тон, шапан, белбеу, қамзол, сәукеле, тақия, айыр қалпақтарды әсемдеп тігуі ең асылы, бағалысы болады. Қазақстанда құрылған фабрикалар қазақ халқының кесте өнеріне тән стильдегі бұйымдар жасайды. Олар Алматыдағы «Тұскиіз», Өскеменде «Өрнек», Таразда «Өнерпаз» фабрикалары бар. Осы фабрикалар қазіргі заман талабына сай кестелеп, сәндеп киімдер, шапан, төсеніш неше түрлі бұйымдар тігілуде. Республика көлемінде 400 астам тігіншілер есімі бар. Олар Барлыбаева Р. 1926 жылы Парижде өткен дүниежүзілік көрмеде кестелі тұскиізі үшін халықаралық сыйлық алды. 1957 жылы Республикалық 1 көрмеде Қарағандылық Баймағамбетова, Семейлік Абаева, Зайсандық Құнақовалардың кестелері көркемдік жағынан жоғары бағаланып, бірінші деңгейдегі сыйлыққа ие болды. Мынау алтын тектес жіпті түрлі түсті жіппен


бірге инеге өткізіп тіккенде алтындай жарқырап тұрады. Бұл жастық торғынға біз кестемен тігілген. Өте сапалы, киіз үйдің ішін сәндеуде төсектің үстіне мамық жастықты қаптап қойса үйге тамаша сән береді. Анам өз қолынан маған тігіп берген. Жатарда да осы жастықты жастанамын.



Оюластырып кестелеу

Оюластырып кестелеу біртұтас матаның үстіне арнайы ою-өрнектерді ойып, арнайы желіммен үтіктеп бекітіледі. Көбіне торлап тігу тігісін қолданады. Кестенің бұл түрі өте шапшаң орындалатын түрі. Кестелейтін бұйымның бетінде әдемі бедерелі өрнек пайда болып, көздің жауын алады.

Бұл тігіс төсеніштің шетін әсемдеп сызып, бізбен анам тіккен еді.



Бұл барқытқа бізбен тігілген шашақты төсекаяқ. Төсекаяқты кергішке керіп, сызылған оюды түстерін тарылта отырып бізбен тіккен. Шашақтың өзін жеке төгеді. Төгілген шашақты төсекаяққа қосып тігеді.

Біз кесте

Бұл төсек сырмақ немесе тұскиіз. Барқытқа немесе басқа матаға да тігуге болады. Киіз үйдің керегесіне, үйдің төсек тұратын қабырғасына құруға немесе төсектің

үстіне сәндік ретінде салады. Жерге төсеніш ретінде салуға да болады. Төсекке жабылатын алжапқыш ретінде жабуға да болады. Бізбен тігілген. Қазақ халқының ұлттық ою-өрнегімен нақышталып бізбен кестелеген.



Баумен кестелеу

Киіз үйдің ішін әшекейлеу үшін пайдаланылады. Жіптерден, жүннен иіріп, тоқылған бау – басқұрларды тоқу.



Фетрден жасалған желеткалар мен басқа киетін короналар. Ұлттық ою – өрнекті нақышына келтіріп ойып, кесу арқылы жалаған.





Сәндік оюлы қолсөмкелер.

Кимешек тігу әдісі

Кимешек ақ бұлдан тігіліп, жиегін астарлайды. Кимешектің иекті айнала маңдайды жауып тұратын екі жағын "шықшыт" дейді. Кимешекті жас ерекшелігіне сәйкес әшекейлейді. Егде әйелдердің кимешегінің әшекейі аздау, ою-кестесі жеңіл болады, сары, ақ жіппен сырылады. Жас әйелдердікі қызыл, жасылмен әшекейленеді. Кимешектің алдын "жақ" деп атайды. Оны қол кестесімен кестелейді. Кимешек-шылауышты жас келіншектер, орта жастағы әйелдер, кемпірлер тартып киеді. "Кимешек кию, шылауыш тарту" деген сөздер арқылы бұл бас киім айқындалады. Кимешекті басқа сәйкестіріп пішіп тігеді. Кимешектің адамның арқасына түсер жері ұзыншақ келеді. Мұны "құйрықша" деп атайды. Кимешек кеуде, иық, жонды жауып тұратын тұйық болады. Тек адамның бет-әлпеті шығып тұратын жері "ойық" болады. Ойықтың екі жағы, кеудеге келер тұсы кестеленіп әшекейленеді. Жылтыр жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі. Ойықтың жиегін өнді жіппен "шалып" тігеді. Мұны "алқым шалу" деп атайды. Алқым шалудан кейінгі "жадағай" тігісті "су" деп атайды. Судан кейін "қиықшалап" тігеді. Қиықшадан кейін су "жүргізіп", "құман бау" деп аталатын әшекей тігіспен тігеді. Құман баудан соң "Күрең кесте" деп аталатын ою-өрнек салынып тігіледі. Күрең кестеден кейін "сағат бау" тігісі жүріледі. Сағат бау кей жерде "ағақ бау" деп те аталады. Кимешектің кеудедегі бөлігінің ұшына күміс теңгелер тағылады. Бұл кимешекке сән береді, әрі төмен қарай басып, жазып тұрғанға әсері болады. Кимешектің бір мәні әйел адамдардың шашын шаң-тозаңнан сақтап, додырап шықпауына септігін тигізеді. Бұл да діни

наным-сенімнен туындап, мұсылман әйелдерінің шашын жасыруларына көмегі тиеді. Кимешектің Қазақстанда бұрама жаулық, иекше атаулары кездеседі.

Кестесіне қарай кимешек қызыл жақ, сары жақ, ақ жақ деп үшке бөлінеді. Ақ жақты карт әжелер, қызыл жақты келіншектер, сары жақты жастар киеді. Кимешек кейде күміспен, тана, моншақтармен шеттіктеледі. Әр тайпа мен рудың кимешектерінің пішімінде, түрінде және сырт көрінісінде өзіне тән ерекшеліктері болған.



Кимешектің, қазақ рулары мен тайпаларының өзгеше болуына байланысты, әр түрлі үлгілері болады. Кимешектің Қазақстанда бұрама жаулық, иекше атаулары кездеседі. Көне түрі — тігілмей пішілген мата кесегі, басқа тартылған орама кимешекті Ақмола қазақтары XX ғ.20-30 жылдарына дейін киген. Келесі бір түрі матаның тұтас кесегінен пішіліп, бір жақ қырынан келетін жағынан бас сұғатын орын қалдырылып, бір-ақ тігіспен тігілетін болған түрі Омбы, Атбасарда, Әулиеата өңірінің теріскейінде және оңтүстіктегі қоңыраттарда сақталған. Солтүстік және Орталық Қазақстанда кимешектердің алдыңғы жағы трапеция немесе үшкірленіп пішіліп, жоғарғы бөлігінде бетке орын қалдырылған; арқа жағы дұрыс ромба түрінде келеді де, құйырығы тізеге, тіпті өкшеге дейін түсетін болған. Шығыс Қазақстандағы кимешектер құйрық бөлігі қысқалау, алдыңғы жағы жоғарғы бұрыштары қиғаш келген төртбұрыш секілді болған; оның екі жағына квадратқа жақын түрдегі жақтаулар бекітіліп тігілген. Сырдария бойында бөлек бүрмелі кимешек түрі болған, оның алдыңғы жағы тура бұрышталып пішілген; төменгі ұзын жағы кеудеге түсіп, ал жоғары жағы бүктеліп, бетті екі жағынан қоршап тұру үшін басқа байлап бекітіліп қоятын болған. Оңтүстік қазақ әйелдерінде кеңінен тараған

кимешек түрі ұзынынан екіге бүктеліп пішілген мата кесегінен жасалатын болған. Көп тараған түрі "мұнара тектес болған". Ол үшін бүкіл мата біртіндеп басқа оралып, ұштары орам арасына кіргізіледі немесе желке жақтан түйіледі.



Алғашқы тігіс – шалу, мұны кейде «алқым шалу» деп те атайды. Алқым шалудан кейінгі жадағай тігісті «су» деп атайды. Судан кейін қиықшылап тігеді. Қиықшадан кейін «су жүргізіп», «құман бау» деп аталатын әшекей тігіспен тігеді. Құмау баудан соң «күрен кесте» деп аталатын ою – өрнек салынады. Күрен кестеден кейін сағат бау тігісі жүреді. Әр жерінен жаршан (күміс теңге) тағылады.



III.Қорытынды:

Қазақ халқының ұлттық ою – өрнектері арқылы бұйымдарды әшекейлеу – өте көне заманнан келе жатқан сәндік қолөнерінің ерекше түрінің бірі. Қолданбалы өнер – көптеген елдердің шеберлігінің, суретшілерінің шығармашылық жемісі. Ою – өрнек мата, тері, киіз т.б материалдар бетіне әртүрлі жіптермен, боялған жіптермен, жібек зерлермен оюлап тігу арқылы жасалады. Ежелден халық арасына кеңінен тараған. Ою - өрнектер байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кездеседі. Қазақ салтында үй жиһаздарын, үзік, туырлық, тұскиіз, киім жапқыш, төсек жапқыштарды кестелеп тіккен. Киім-кешектерден кимешек, тақия, қамзол, кеудеше, қол орамалдар, көйлектерін, аяқ киімдерден мәсі, кебіс, биік өкше етіктер, ат әбзелдері ер тұрмандарын, тұрмысқа қажетті ыдысқа аяққап, шайтұлып шай салатын ыдыстардың қабын, қалташаларды оюлап тіккен. Осы ою - өрнекті қазіргі тігін машиналардың көмегімен және қолмен тігу арқылы болашақта өз мамандығымды таңдап, жеке кәсіпкерлікпен айналысып, көнеден келе жатқан кесте түрін қазіргі кесте тігу түрімен ұштастыра отырып рухани жаңғырту. Болашақта оқушылардың өз мамандығын таңдап, жеке кәсіпкерлікпен айналысып, қазақтың ұлттық ою – өрнегімен әшекейленген кез – келген бұйымдарын тігіп, сауда саттық саласында брендке айналдыруына мүмкіндік болады.

Халықтың дәстүрлі өнері сол халықтың ғасырлар бойы бастан кешкен өмір салтының, таным-түсінігінің жарқын айғағы. Уақыт озған сайын қоғам дамуы жеделдей түсетіні айқын. Қазір еліміз өрлеу үстінде. Кез-келген халық өз ата-бабаларының ең бай мәдени өмірінен үлгі алып, халық тұрмысындағы ұлттық дәстүрдің негізін сақтап, оған өзінің көркемдік шеберлігін қосады. Сан ғасырлар бойғы тәжірибенің негізінде талантты қазақ ісмерлері өз өнерлерін жетілдіріп, сақтап, өз шеберліктері мен білгендерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеді. Ертеден жалғасқан тәжірибенің негізінде қазақ халқы өнерінің ұлттық ерекшеліктері қалыптасып, халықтың эстетикалық сезіміне және әсемдік бұйымдары қажеттілігін қанағаттандырады.

Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын қолөнері де дамып отырады. Атакәсіпті қайта дамыту атамұраны қалыптастыруға мәдени үлес қосу деп білемін.

Ұлттық қолөнер ұлттық ою-өрнекпен нақыштаудан басталады. Қолөнер дегеніміз кәсіптің бірі. Мектеп қабырғасында қолөнердің бастауынан нәр алған жастар болса, өмірде өз орнын таба алады деп ойлаймын. Еліміздің экономикасы дамып, алып мемлекеттер қатарына қосылуы ертеңгі салықалы да зерделі білім алған жастарға байланысты екені түсінікті. Адам бақыт пен қуанышқа тек өзінің адал еңбегімен ғана жетеді. Бүгінгі таңда егемен еліміздің іргетасын нығайтып, келер ғасырға жалғастыратын көкірегі ояу, саналы, арманшыл жастар екені белгілі. Тарихтың асыл қазыналарын оқып үйренуде, халықтың мәдени мұрасын қадірлеп, қастерлеп, дәстүрін жалғастыра білуде халқымыздың қолөнерін үйреніп, шығармашылық қабілетті дамытып, ізденулеріне мүмкіндік береді.

ІҮ.Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н. Мыңжанұлы Қазақтың көне тарихы. — Алматы: Жалын, 1993. — 165 б.
2. Асанова Сабыркүл Жайлаубекқызы. — Қазақтың ұлттық қолөнері тарихы. Оқулық / С. Ж. Асанова, А.Птицина. - Астана: Фолиант, 2008. - 160 б.

3. Б. Ө.Жақып. «Қазақ энциклопедиясы» 2 – ші том. Алматы, 2009.
- 4.Балалар Энциклопедиясы, 6 том.
- 5.Ғаламтордан алынған мәлімет ЯНДЕКС сайтынан
6. Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990 ISBN 5-89800-008-9
- 7.Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Механика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар : «ЭКО»ҒӨФ. 2007.-291 б. ISBN 9965-08-234-0
- 8.Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті.—Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. —384 бет, суретті.Кенжеахметұлы С. ISBN 9965-24-751-х
- 9.Қазақтың киіз үйі / Сайын Назарбекұлы. - Астана : Елорда, 2005. - 93 б. : ISBN 9965-06-399-0
- 10.Қазақтың киіз үйі / Сайын Назарбекұлы. - Астана : Елорда, 2005. - 93 б. : ISBN 9965-06-399-0
- 11.Қазақтың киіз үй / Сайын Назарбекұлы. - Астана : Елорда, 2005. - 93 б. : ISBN 9965-06-399-0
- 12.Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2
13. Қазақ халқының қолөнері. Қасиманова С.
14. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. Өмірбекова М.Ш. «Алматы кітап», 2004 ж
- 15.«Қазақтың ою өрнектері» Энциклопедия Алматы кітап, 2005 жыл
16. Мектептегі технология журналы. №1, 2014 жыл
17. «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы. 1990 ж.